

Астана қаласы әкімдігінің
«№ 2 өнер мектебі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны



Тақырыбы:
**«Бейнелеу өнері сабақтарында
кескіндеме жанрын меңгерту»**

«Көркемөнер және киімді көркемдеп үлгілеу» бөлімі: Кескіндеме, сурет,
композиция пәні.

Педагог: Шарипов Р.Т.

Астана қаласы

Мазмұны

Педагог туралы	3
I.Кіріспе. «Кескіндеме пәнін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері»	4
II. Теориялық бөлім. Кескіндеме тарихы.....	6
III.Практикалық бөлім.	
Кескіндемедегі перспектива	10
Кескіндеме заңдылықтары	14
IV. Үлгілік сабақ түрлері	
«Кеңістік туралы ұғымға арналған сабақ үлгісі».....	16-18
«Натюрморт салу жолдары»	18-20
«Перспектива заңдылықтары»	20-21
«Графика тәсілімен «Жайлау»тақырыбына сурет салу».....	21-22
V. Қорытынды бөлім. Педагогтің сабақта қолданылатын әдістемесі,	
көрнекіліктері, әлеуметтік желідегі сабақ үлгілеріне сілтеме	23
VI. Пайдаланылған әдебиеттер	25

e-mail: reke_1977.07.01@mail.ru

**Астана қаласы әкімдігінің
«№ 2 өнер мектебі» ШЖҚ МКК
көркемсурет пәнінің педагогі
Р.Т.Шарипов**



Руслан Танекеевич Шарипов 1977 жылы 1 шілдеде Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы, Құлбабас ауылында дүниеге келген. 1996-2022 жылдары Семей қаласы, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде бейнелеу өнері және сызу пәнінің мұғалімі мамандығын меңгереді. 2004-2007 жылдар аралығында өзінің педагогтік еңбек жолын ШҚО, Көкпекті ауданы, Ж.Шайжүнісов атындағы қазақ орта мектебінде сурет пәнінің мұғалімі болып бастайды. Бірнеше рет аймақ, аудан, облыс көлемінде семинарларға қатысып, баяндамалар жасап, үлгілік сабақтар өткізді.

2007 жылдан бастап Астана қаласы №2 өнер мектебінде көркемсурет бөлімінің педагогі ретінде қызмет атқарады. Өз ісінің шебері. Осы жылдар аралығында Р.Танекеевич педагогтік қызметімен бірге бөлім басшысы лауазымын да қоса атқарып жүрген шығармашыл, іздемпаз маман. Руслан Танекеевичтің еңбегі ескеріліп, бірнеше рет қалалық білім бөлімінің «Алғыс хаты» және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Алғыс хаты», Астана қаласы әкімдігінің «Алғыс хаты», ҚР Оқу-ағарту министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының дипломдарымен марапатталған.

Кіріспе бөлім

«Кескіндеме пәнін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері»

Шарипов Руслан Танекеевич – Астана қаласы №2 өнер мектебінің көркемсурет бөлімінің педагогі болып жұмыс жасайды. Оның алға қойған мақсаты – білім алушыларды тек сурет салуға үйрету емес, өзі іздене отырып, жан-жақты білім алуды қарастыру, өз мамандығын жақсы көре білуге баулу. Сол мақсатта педагог көптеген жаңа технологиялардың тиімді жақтарын қарастыра келе, білім алушыларды пәнге қызықтыра отырып, білім сапасын арттыруға ден қояды.

Руслан Танекеевичтің бұл еңбегі негізінен үш тараудан тұрады: «Кескіндеме тарихы», «Кескіндемедегі перспектива» және «Кескіндеме заңдылықтары». Ізденуші жұмыстың өзектілігін, мақсатын, міндеттерін, күтілетін нәтижелерін, қандай ғылыми тұжырымдамаға сүйенгендігін кіріспеді айта келіп, өзіндік әдістемесін ұсынады. Әдістемесінде жұмыстардың тақырыптары пен өзектілігін жақсы саралай отырып, олардың әрқайсысының мәнін аша келіп, сабақта қолданылатын бояулар мен түс таңдаудағы техниканы қай кезеңде қолдану қажеттілігін де көрсетіп өткен.

Бұның бәрі педагогтің ақпараттық-коммуникациялық және жаңа технологияларды толық меңгергендігінің айқын көрінісі.

Қорытынды бөлімде бейнелеу өнерінің тұлға бойында эстетикалық сезімталғамын қалыптастыруға ықпал ететіндігін, пәнаралық байланысты нығайту арқылы жақсы жетістіктерге жетуге болатындығын, балалар шығармашылығын түрлі байқауларға қатыстыру арқылы дамыта алатындығын айтқан.

Педагог жұмысында өзінің ойларын нақты дәлелдер арқылы көрсете білген, айтатын ойы тұжырымды сөздермен жеткізілген, оқуға ыңғайлы, тілі жатық.

Мақсаты: Жеке тұлғаның рухани мәдениетін қалыптастыру, балалардың бейнелеу қабілетін және көркемдік талғамын, шығармашылық қиялын, ойлау кеңістігін дамыту.

Міндеттері: 1. Кескіндеменің заңдылықтарын үйрету; 2. Білім алушылармен осы заңдылықтармен байланыстыра отырып, әр түрлі жанрларға сурет салғызу.

Өткізу әдістемесі: Жаңа технологияларды сабақ процесінде қолданудың негізгі арқауы – білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, білім сапасын көтеру.

Өзектілігі: Білім туралы заңында білім берудің оқу бағдарламалары баланың тұлғасын қалыптастыруға оның жеке қабілеттерін дамытуға, оқуға деген жағымды уәжі мен икемін қалыптастыруға бағытталған. Мысалға: оқушыларды елестету, ой – өрісін, көре білуге, есте сақтауға, сурет сала білуге үйрету.

Нәтижесі: Осы жазылған әдістемелік құрал арқылы білім алушыларымыз көптеген көрмелерге қатысып өз шығармашылық жұмыстармен көптеген жетістіктерге қол жеткізіп отыр.

Теориялық және практикалық маңыздылығы: Әдістемелік жұмыста балалардың ой – қиялын дамыта отырып, бейнелеуге түстерді таңдай білуге, түстердің үйлесімділігін сезінуге, жазықтықта дұрыс орналастыра білуге арналған түсініктер келтірілген. Теориялық білімдерін іс жүзінде пайдалана алуларына нақты мысалдар ұсынылған.

Кіріспе

Жалпы бейнелеу өнері сонау қола заманынан басталып, кәсіби деңгейлікке жеткенше қаншама стильдер мен бағыттар пайда болды бүгінде еліміз, жеріміз, тәуелсіз болды, яғни демократия деп өнерімізді экспресстік жағдайға апарып соғып жатқанымыз ешкімге де құпия емес. Бәрімізге белгілі қай өнер саласы болмасынын өнер иелерінің талғамын, дарындылығын және де өз өнерінің қас шебері екендігін көрермен қауым бағалайды. Сол үшін суретшілер өз ісіне жауапкершілікпен қарау керек деп ойлаймын. Сонда ғана еліміздің өнер - мәдениетті өрге басады. Неше ғасыр бойы өз ырқымен жалғасын тапқан өнердің мәнісін жоғалтып алмауға тырысу керек.

Бүгінде, бейнелеу өнерінің үлесіндегі көкейкесті мәселелердің бірі-тек қазақ жеріне ғана емес, шет елдерге де танылып жатқан қас шеберлерімізді айтарлықтай тани бермейміз, сонымен қатар Қазақстан суретшілері туралы айтылған, зерттелінген материалдар жоқтың қасы. Сол өнер иелерінің шығармаларын кеңінен зерттеп, олардың нағыз өнер тарландары екенін өнер жолында жүрген шәкірттер мен өнер сүйер қауымның баршасына кеңінен таныстыру жолын қарастыруымыз керек.

Бір айтып кетер жәйт, кешегі ХХ ғасырда қазақ кескіндеме өнерінің дамып, қалыптасуына және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуына өз үлестерін қосқан өнер тарландары аз болған жоқ. Арнайы білім алмаса да, өнерін тамашалаған халықтарды әлде де болсада тамсандыруда. Ал, бүгінде әрбір өнер саласында арнайы білім алар мекемелер жеткілікті. Сол білім ордаларында болашақ маман иелері мәнді дәріс алуға күш салу керек. Сонымен қатар суретшілер мен өнер зерттеушілер, мұғалімдер мен шәкірттер арасында қарым - қатынасты және түсіністікті маңызды жолға қою өнер – мәдениетіміз үшін абзал болар еді. Осындай салалардың бірі бейнелеу өнерінің де төрт керегесі түзу жағдайы сақадай сай деп айтуымызға ертерек секілді. Көбінесе білім беру шараларында болашақ мамандарымызға өнердің тұғырығы ретінде батыс пен шығыстан көз ашқызбай, өзіміздің тұнып тұрған рухани мәдениетімізбен этнографиялық құндылықтарымызды шамадан аз қолдану барысында қалықтаудамыз. Білім ордаларында оқушыларға алғаш рет білімге көз ашу аса маңызды міндет – оқушыларға көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбиені айтарлықтай жақсарту. Әсемдік сезімін дамыту, жоғары эстетикалық талғам, өнер шығармаларын, тарих пен архитектура ескерткіштерін, туған табиғаттың сұлулығы мен байлығын түсініп, бағалай білу қасиетін қалыптастыру қажет. Осы мақсатта әрбір оқу пәнінің, әсіресе зор танымдық және тәрбиелік күші бар әдебиеттің, музыканың, бейнелеу өнерінің, эстетикалық мүмкіндіктері жақсы пайдалансын.

Осынау жауапты да күрделі міндетті шешуде, жас ұрпаққа көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беруде бейнелеу өнері пәнінің мұғалімдеріне зор жауапкершілік жүктеледі.

Республика мектептерінің тәжірибесі бейнелеу өнері пәнінің жүргізудің өзіне тән қиындықтар бар екенін көрсетті. Осындай қиындықтардың бірі – оқушыларды кескіндеме өнеріне үйрету деп айтуға болады. Сондықтан тұтастай алғанда сурет пәнінің жекелей алғанда оның белгілі бір тарау тақырыптарын өтуге байланысты методикалық құрал, нұсқаулар жазылып, жарық көріп тұруы зәру қажеттілік болып отыр.

Сурет сабағын өтудегі сондай бір маңызды мәселе – оқушылардың кескіндеме туралы дұрыс ұғымын қалыптастыру. Ол үшін кескіндеме жайында түсінік беру, соған қатысты көрнекі құралдарды пайдалану, өнер шығармаларына талдау жасау сияқты міндетті жұмыс түрлері жүзеге асырылады. Соның нәтижесінде ғана барып өнерін игеріп, бейнелей білуге қалыптасады. Мұғалімнің тікелей басшылығымен оқушылар кескіндеме өнерінің тәсілдеріне жаттығып, меңгереді.

Бұл жұмыстар бейнелеу өнері сабақтарында жүргізіледі. Мұндай сабақтарда әсіресе бейнелеу өнері туралы өткізілетін әңгімелердің білімділік, тәрбиелік маңызы зор. Мұндай сабақ үстінде мұғалім оқушыларға кескіндеме өнеріндегі бейнелеудің жолдарын көрсету мен қатар, оқушылардың әрқайсысымен жұмыс жүргізіп, берген тапсымаларға дағдыландырады.

Ұсынылып отырған бұл еңбектің басты мақсаты – оқушылардың осы бағытта түсінігін қалыптастыру жолдары, кескіндеме өнерін бейнелеуге үйрету сабақтарын өткізу әдістері, бұл мәселедегі нобай жасаумен көрнекті құралдар маңызы қарастырылады. Бұл методикалық әдістерді бейнелеу өнері пәні мұғалімдерінің іс тәжірибесінде және практикасында тексеріледі.

II. Теориялық бөлім.

Кескіндеме тарихы

Кескіндеме, кескіндеу өнері (живопись) - бейнелеу өнерінің аса көркем бір түрі. Ол белгілі бір заттың бетіне бояу арқылы салынатын көркем шығарма өнердің барлық басқа түрлері сияқты кескіндеме идеологиялық және танымдық қызмет атқарады, адамға эстетикалық ләззат беретін құнды да әсем шығармалар тудырады. Кескіндеме дәуірінің рухани мазмұны мен әлемнің негізінде оларға береді. Кескіндеме туындысы көрерменнің сезіміне, ойына әсер ету арқылы бейнеленген шындықтан тәлім алып, өзінше қорытынды жасауына себепкер болады. Сондықтан да кескіндеменің қоғамдық – тәрбиелік мәні зор және ол деректемелік мағлұмат береді. Кескіндеме – бұл нақтылы көрсетілетіндіктен де оның көрерменге әсері күшті. Сондықтан да Н.Г.Чернышевский өнерді «өнер мектебі» деп бағалаған. Көркемдік бейне тудыруда кескіндеменің пайдаланатын құралы – сәуле, бояу, рең. Сәулені бояу реңімен нәзік астастыру арқылы өмір құбылыстарын айқын да шынайы көріністер жасайды. Суреткер шеберлігінің көрінер жері де осында. Заттың сыр сипатын, нәрсе мен кеңістіктің қарым-қатынасын, сәуле мен көлеңкенің құлпырымын, қысқасы кең дүниенің барлық жарасымымен тауып, бейнелеуде кескіндеменің тілінен нәзік те, өткір тіл жоқ. Ол көрерменді бірден баурайды.

Кескіндеменің данышпандық туындыларына адамзаттың мәңгі мақсаттанатыны да содан. Кескіндеме туындысы бір жасалған қалпында қалатындықтан назарға да сол қалпында бірден шалынады. Бірақ суреттердің қылқаламына ілінген сол бір мезеттік көрініс, заманның, дәуірдің, ортаның сан алуан сырларын шертеді, сезім құбылыстарынан, жан тебіреністерінен дерек береді көрермен үнсіз тілдеседі. Кескіндеме туындылары кейбір тұлғаны, дара көріністі бейнелеп қана қоймай күрделі сюжетке, сабақты оқиғаларды да бейнелеп, олардың мәнін ашады.

Кескіндеменің үлгілері палеолит дәуіріне саяды.(мысалы: Оңтүстік Франциядағы Фон-де-Гэм, Солтүстік Испаниядағы Альтамир үңгірлерін салынған суреттер.) Ежелгі дәуір Кескіндеме жерден шығатын сары, қызыл, қошқыл бояуларымен қатар минералдық көк, жасыл бояулар, әк тас бояулары қолданған. Ежелгі дүние кескіндемесі архитектура мен мүсінді өзара үндестіріе қолданды. Бояу реңдері барған сайын ажарланып, мифологиялық сюжеттермен қатар тұрмыс – салт, тарихи оқиғалар, табиғат тақырыптары, портрет, натюрморт жасалды. Ежелгі Грецияда қондырылғы кескіндеме пайда болды. Орта ғасырлардағы Батыс Европа, Визинтия, Русь, Кавказ кескіндемесінде рухани, асқақтыққа құрылған діни тақуалық тақырыптар көбірек кездеседі. Ол кезде кескіндеменің негізгі түрі фреска болды. Иконалар мен миниатюралар салу қарқыны дамыды. Б.з. 1-мыңжылдығында Алдыңғы және Орта Азия елдерінде монументті кескіндеме дамыды. Иран, Үндістан, Орта Азия мен Түркияда сәндік минатюра өнері өркендеді. Адам мен

табиғаттың келбет, көріністерін соншалық нәзік те терең суреттейтін ашық реңді, қанық бояулар Қиыр Шығыста дамыды. 14 ғасырда италиялық суретші Джоттоның кескіндеменің қайта өрлеу дәуіріндегі өнер туындыларының өркендеуіне ықпал етті. Қайта өрлеу дәуірінің ең ірі суретшілері: Леонардо да Винчи, Микеланжело, Тициан, Паолло Веронезе және т.б. 17 -18 ғасырларда кескіндеменің Еуропада дамуы одан әрі жалғасты. Франция (Н.Пуссен, А.Ватто, Ж.Б.Шарден, Ж.Л.Давид), Италия (М.Караваджо, Б.Тьеполло), Испания (Эль Гекко, Д.Веласкес, Ф.Гойя), Голандия (Рембрант, Я.Вермер) пен Ресейлік (Ф.С.Рокотов, Д.Г.Левицкий) кескіндеменің ұлттық мектептері пайда болды.

Қазақ халқының бейнелеу өнері, оның ішіндегі К. жанрының ежелгі ескерткіштері палеолит және неолит дәуіріне саяды. Олар үңгірлерге салынған бейнелер ретінде кезігеді ([Қаратау, Хантау, Жасыбай, Зараутсай үңгірлері](#), т.б.). Сонымен қатар [Таңбалы тас](#) шатқалында ([Жамбыл облысы](#)), Бұғытас қорымында ([Шығыс Қазақстан облысы](#)) жануарлар, адам кескіні түрінде кезігеді. Зараутсай үңгірлеріндегі Кескіндемеден сол кездегі суретшілердің бірнеше түсті бояумен сүйкей жағу, ретті бояу әдістерін қатар қолдану арқылы жан-жануарлар мен адамның әрқилы пішінін бейнелегенін көруге болады. Сол сияқты қола дәуіріндегі тасқа оймыштап (шекіліп) қына және жосамен әрленген аңшылық, жаугершілік көріністер бар Кескіндемені айтуға болады. Есік қазынасы (б.з.б. 5 – 3 ғ-лар), Шелек қорғанынан (б.з.б. 7 – 6 ғ-лар) қазылып алынған байырғы сақ, ғұн, үйсін өнеріне жататын мұралар айтылмыш кезде тұтыну заттарында (киіз үй сүйегі, үй жиһаздарындағы сырлы өрнектер) бояу қолданылғандығын айғақтады. Кескіндеме өнері, әсіресе, орта ғасырларда қыш ыдыстарда, қару-жарақ, ат әбзелдерінде, күнделікті тұтыну заттарында (төсек, асаяқ, шкаф, т.б.) көптеп кездеседі. Осы кезеңдегі бірнеше К. шығармаларын айтуға болады. Олар: [Тараз](#) қ-нан табылған арыстан бейнесі бар табақ (10 – 12 ғ-лар) және [Сарайшық](#) қ-нан шыққан тоты құс бейнесі (11 – 15 ғ-лар). Тоты құстың түрлі түсті бояумен салынған кейпі, шиыршық атқан қозғалысы өте әдемі бейнеленген. Бұл сол кезеңдегі кескіндемешінің шеберлігін паш етеді. Сонымен қатар ірі сәулеттік кешен, кесенелерде (мыс., [Қожа Ахмет Иасауи кесенесі](#), [Айша Бибі кесенесі](#)) ою-өрнектің пейзаждық үлгілері, жүкаяқ, кебеже, жағылан сияқты үй бұйымдарындағы сырлы әлеміш нұсқалары заманындағы халық өнері өкілдерінің асқан шебер болғанын көрсетеді. Халық арасында көптеген кескіндемеші шеберлер болған, бірақ солардың көбінің аты бізге беймәлім. Қазақтан шыққан алғашқы кәсіби кескіндемеші – [Ш.Уәлиханов](#). Оның акварель бояуымен салған портреттік, пейзаждық жұмыстары: [“Сырымбет” \(1850\)](#), [“Сартайдың портреті” \(1856\)](#), [“Шақырым бағандары” \(1950\)](#) нағыз шыншыл суреткер болғанын дәлелдейді. 19 ғ-да қазақ халқының өмірін өздерінің шығармаларына өзек еткен суретшілер: [В.Штернберг](#)(“Түйе”, “Киіз үй тұсындағы көрініс”), А.Горнович (“Ақмешітті алу”), [А.Чернышев](#) (“Қазақтардың көші”, “Қонып жатқан

қазақтар”, т.б.) [В.Верещагин](#) қазақ табиғатын, қазақ халқын өте шеберлікпен жазып (“Аңшы қырғыз (қазақ)”, “Лепсі даласындағы таулар”, т.б.) басқаларға таныта білді. 1847 – 57 ж. [Т.Г. Шевченко](#) қазақ даласында қуғында жүргенде жергілікті халықтың өміріне байланысты “Байғұстар”, “Киіз үйде”, “Мемлекет жұдырығы” деген суреттер салды. Қазақтың бейнелеу өнерінің негізін қалауда [Н.Хлудовтың](#) еңбегі зор болды. Ол 1877 ж. қазақ даласына келіп өмірінің ақырына дейін осында болып, қазақ халқы өмірінен көп суреттер салды. Оның алғашқы шәкірттері: Қазақстанның халық суретшісі [Ә.Қастеев](#), белгілі кескіндемешісі [С.Чуйков](#). Қазақ халқының кәсіби К. өнерінің тарихы 20 ғ-дың 20-жылдарынан басталады. Ол дамудың қиын жолдарынан өтті. Алғашқы қазақ Кескіндеме мектебінің негізін салушы Қастеев өзінің шығармаларында кең дала сұлулығын, тарихи кезеңдерді, тұлғалы адамдар портретін ([Абай](#), [Шоқан](#), [Амангелді](#), т.б.) жазып көрсете білді. Қастеевтен кейін қазақ К. өнерінің тарихы бір топ дарынды суретшілер [Ә.Ысмайлов](#), ағайынды [Қожахмет пен Құлахмет Қожықовтар](#), [Б.Сәрсенбаев](#), [О.Таңсықбаев](#) есімдерімен толықты. 1960 – 70 ж. қазақ К. өнерінің даңқын шығарған суретшілер [[[М.Кенбаев](#), [Қ.Телжанов](#), [Г.Ысмайлова](#), [В.Антощенко-Оленев](#), [К.Баранов](#), [А.Ғалымбаева](#), [Л.Леонтьев](#), [Н.Нұрмұханбетов](#), [С.Мәмбеев](#), [Ү.Әжиев](#), [С.Романов](#), [Ж.Шәрдено](#)]]в, т.б. есімдері көпшілікке танылды. Олар қазақстандықтардың жеткен жетістіктерін, тіл жетпес табиғат сұлулығын паш етті. 1970 – 90 жылдары қазақ Кескіндемеде жаңа леп, жаңа көзқарастағы суретшілер тобы ([Е.Сидоркин](#), [Ш.Сариев](#), [С.Айтбаев](#), [Б.Садыханов](#), [К.Мұллашов](#), [А.Ақанаев](#), [М.Аманжолов](#), [Е.Төлепбаев](#), [Б.Тұлкиев](#), [З.Түсіпова](#), т.б.). Кескіндеме өнерін жаңа биікке көтерді. Осы кезеңде бұрын жабық тақырып болып келген 20 ғ-дың 30-жылдарындағы зұлмат кезең ([Төлепбаев](#) пен [Тұлкиев](#)), атом полигоны зардаптары (Ақанаев пен Аманжолов) және [Арал](#) қасіреті ([Ә.Төлебиев](#) пен [А.Рубашев](#)) ашық жазылды. Өнердің жаңа ағымдарына бой ұру (мыс., [Садыханов](#), [Тұлкиев](#), т.б.) байқалды. Төлепбаев бұрын қазақ суретшілері жетпеген дәрежеге көтеріліп, қазақ кескіндемесін әлемге таныта білді.

III. Практикалық бөлім.

3.1. Кескіндемедегі перспектива

Перспектива құбылысы табиғатта біздің көзімізге қалай көрінсе, қағаз бетінде де соған сәйкес бейнеленеді. Біз кәсіпқой суретшілердің картиналарын көру барысында кеңістіктің тереңдігін айқын сезінеміз. Мысалы, кейбір заттар бізге жақын, ал кейбірі алыс болып көрінеді. Суретші арнайы салу тәсілдері арқылы жазықтық бетіне белгілі жазықтықты, кеңістікті иллюзиялық түрде көрсетеді. Перспектива көрінетін нүктелердің өлшемдерінің бізден ұзақтаған сайын қысқарып, түстердің өзгеріп көріну құбылысы. Перспектива заңдылықтарын білу арқылы картинадағы көріністің тереңдігін айқын бейнелеуге болады. Перспективаның түрлері: сызықтық перспектива, ауа және жарық пен көлеңке перспективасы болып бірнеше түрге бөлінеді. Сызықтық перспектива – көрушіден алыстаған сайын заттардың бөлшектерінің және сызықтардың ара қашықтықтарының кішірейіп көріну құбылысы. Сызықтық перспектива фронталдық және бұрыштық болып екіге бөлінеді. Фронталь перспектива бойынша суретшіге заттың бір жақ беті толық көрінеді де, қалған беттері көрінбейді. Мысалы, заттың тура алдынан қарағандағы көрінісі. Бұрыштық перспектива бойынша көрушіге заттың бір бұрышы менен екі немесе үш қабырғасы айқын көрінеді. Ауа перспективасы – кеңістіктегі заттар түстерінің көрушіден алыстаған сайын бұлыңғыр немесе солғын болып өзгеру құбылысы. Жарық пен көлеңкенің перспективасы заттардың жарық көзінен ұзақтаған сайын заттардың беттеріндегі жарық деңгейлерінің көмескі тартып өзгеру сипаты, кілеңкелердің солғын тарту көрінісі. Бейнелеу өнерін оқыту үрдісінде оқушыларды перспективаның заңдылықтарымен таныстыру.

Сызықтық перспективаның заңдылықтары негізгі түсініктері мынадай бағыттарды қамтиды:

1. Белгілі бір бұрышпен горизонт сызығына қарай бағытталған параллель сызықтар бір нүктеге барып қосылады.
2. Параллель сызықтардың қосылу нүктесі әр уақытта көкжиек сызығында жатады.
3. Көкжиек сызығына жақындаған сайын параллель сызықтардың арақашықтығы бір-біріне жақындай түседі. Мысалы, темір жолдың рельстері мен шпалдарының көрінісі.
4. Көрушіден алыстаған сайын вертикаль бағыттағы сызықтардың арақашықтық өлшемдері кішірейе түседі.
5. Көкжиек сызығы дегеніміз – біздің көз деңгейімізді білдіретін сызық.

Көкжиек сызығынан төмен орналасқан сызықтар, төменнен жоғары қарай бағытталса, көкжиек сызығынан жоғары орналасқан сызықтар жоғарыдан төмен қарай бағытталады. Мысалы, қала көшесіндегі қатар орналасқан көп қабатты үйлердің жоғарғы және төменгі контур сызықтарының жиынтығы.

Ауа перспективасының заңдылықтары туралы түсініктері мыналар:

1. Көрушіге жақын орналасқан заттардың түстері ашық, айқын, ал алыстағылардың түстері солғын және жиынтық түстер түрінде қабылданады.
2. Суретшіге жақын орналасқан заттар түрі айқын, ал алыстағылар бұлыңғыр,

көмескі болып қабылданады.

3. Жақындағы барлық заттардың түстері қандай болса сол күйінде қабылданса, алыстағы әр түрлі түстердің ішіндегі біреуі басым болып көрініп, қалғандары соған жақындау түстерге айналады.

4. Қашықта тұрған жарық заттардың түстері өз түсінен қараңғылау, ал алыстағы қараңғы түстер жақындағы қараңғы түстерге қарағанда жарықтау болып көрінеді,

Жарық пен көлеңке перспективасының; заңдылықтарына кіретін мына қағидалар оқушылардың кеңістік түсініктерін арттыруға ықпал етіп, оларды дұрыс бейнелеуге жәрдемдеседі.

1. Жарық көзінен қашықта тұрған заттардың бетіндегі жарық деңгейі, жарық көзінен алыс тұрған заттардың бетіндегі жарыққа қарағанда солғындау болады.

2. Жарық көзі мен бақылаушы арасындағы заттар басқа заттарға қарағанда өз түсінен қараңғы болып өзгереді.

3. Егер бақылаушы заттар мен жарық көзінің ортасында болса заттардың бетіндегі жарық деңгейі өз түсінен де жарығырақ болып өзгереді.

Бейнелеу өнері перспектива заңдылықтарын үйретумен қатар, перспективаның бейнелеу негіздері туралы мынадай мәліметтер беруі қажет:

Перспективаны бейнелеу негіздері картина жазықтығы, көкжиек сызығы, көру нүктесі, шығу нүктесі, көру деңгейі және т.б. түсініктердің жиынтығынан құралады.

Картина жазықтығы деп бейнеленетін зат пен суретшінің көзі арасындағы ойша алынған вертикаль бағыттағы жазықтықты айтамыз.

Көкжиек сызығы — суретшінің көз деңгейін білдіретін өлшем.

Көру нүктесі — сурет салушының затты бақылайтын нүктесі немесе орны.

Шығу нүктесі — өзара параллель түзулердің алыстаған сайын бір-біріне жақындап, көкжиек сызығына барып қосылатын нүктесі.

Көру деңгейі — суретшінің көз деңгейін білдіретін, ойша алынған жазықтық.

Нұсқаға қарап сурет салу, тақырыптық сурет салу сабақтарында мұғалім үнемі оқушыларға перспективаны бейнелеудің ережелерін көрсетіп бағыт беріп отырады. Сондықтан сызықтық, ауа, жарық пен көлеңке перспективаларының бейнелеу ережелерін оқушыларға көрсету, олардың кеңістікті бейнелеуге үйретудің ұтымды жолы.

Сызықтық перспективаның бейнелеу ережелері мыналар:

1. Суретшіден алыста тұрған заттардың өлшемдері кіші болып бейнеленеді.
2. Табиғаттағы көкжиек сызығына параллель барлық сызықтар формат бетінде де көкжиек сызығына параллель етіп бейнеленеді.
3. Табиғаттағы вертикаль жағдайда орналасқан параллель сызықтар қағаз бетінде де вертикаль жағдайда бейнеленеді.
4. Белгілі бұрышпен көкжиек сызығына қарай бағытталған параллель сызықтарды көкжиек сызығындағы бір нүктеге қосылатындай етіп бейнелеу қажет.
5. Конус, цилиндр формасындағы заттардың бойындағы шеңберлер перспектива заңдылығына сәйкес овал түрінде бейнеленеді.

Ауа перспективасының бейнелеу ережелері мыналарды қамтиды:

1. Суреттегі кеңістікті білдіру үшін жақында тұрған заттардың бейнесін анық етіп, ал алыстағыларын солғын етіп бояу қажет.
2. Жақындағы заттардың формаларындағы сыртқы сызықтарын айқын, ал алыстағыларын бұлыңғыр етіп бейнелейді.
3. Алыстағы тұрған жарық түсті заттарды бейнелегенде сол заттың өз түсінен сәл қараңғылау етіп, ал қараңғы заттардың түсін сәл жарықтау етіп бейнелеу қажет.
4. Жақындағы заттарды көлемді форма етіп бейнелесек, өте ұзақтағы заттар тегіс жазықтық етіп бейнеленеді.
5. Жақындағы заттар айқын түстермен, ал алыстағылар солғын бұлыңғыр түстермен жазылады.

Жарық пен көлеңке перспективасын бернелеу кезінде мына ережелерді ескеру қажет:

1. Жарық көзінен алыста тұрған заттарға қарағанда, жақында тұрған зат бетінің жарығының деңгейін артық етіп бейнелеу керек.
2. Суретшіден алыстағы заттардың бетіндегі жарықтардың қарама-қарсылығы (контраст) жақындағы зат бетінің деңгейіне қарағанда әлсіз етіп бейнеленеді.
3. Заттардың алыстағы көлеңкесіне қарағанда жақындағы көлеңкесі айқын анық салынады.

Перспектива заңдылықтарымен оның бейнелеу ережелерін оқушыларға таныстыру – заттардың түрі туралы түсініктер берумен өте тығыз байланыста шешіледі.

Заттардың формасы туралы түсініктер беруге арналған мұғалімнің әңгімесі мына бағыттарды қамтиды. Кеңістіктегі қандай зат болмасын оның белгілі формасы болады. Әрбір зат өзінің форма ерекшеліктеріне байланысты көлемді немесе жазықтық сияқты болып келеді. Көлемді, дене қатарына (биіктігі, ені, тереңдігі немесе қалыңдығы бар) үш өлшемді заттар кіреді. Бұл үш өлшем зат көлемінің сипатын білдіреді. Зат көлемі жәшік, чемодан, стол, битон, кастрюль сияқты заттарда айқын білінеді. Ал кейбір (бір бет қағаз, жалауша, оқушы дәптері, сызғыш, ағаш жапырағы т.б.) заттардың көлемі айқын байқала бермейді. Мұндай формаларды жазықтық формалары деп атаймыз. Жазық заттардың түрлері төртбұрыш, үшбұрыш, шеңбер сияқты геометриялық (денелерге) ұқсастықтарына байланысты анықталады. Көптеген заттардың формалары симметриялық болып келеді.

Симметриялық формаларды ойша ортасынан екіге бөлсек екі бірдей ұқсас формалар шығады. Заттардың формалары жасанды және табиғи болып бөлінеді.

Жасанды формалар дегеніміз – адам қолымен жасалған заттар. Табиғи формалар қатарына – өсімдіктер, жан-жануарлар, тау, тас, т.б. табиғи заттар кіреді.

Заттардың перспективалық көрінісін бейнелеу жүйесінде жаттығулардың маңызы үлкен. Жаттығулардың алғашқы кезеңінде қарапайым геометриялық денелерді салудан бастап, бірнеше заттардың суретін салуға дейін жалғасады. Тақырып бойынша сурет салу сабақтарында оқушылар кеңістіктегі бірнеше заттардың, жануарлар мен адамдардың көрінісін бейнелейді. Сабақ барысында мұғалім оқушылардың ісіне сызықтық, ауа, жарық пен көлеңке перспективаларын бейнелеу ережелерін қайталап түсіндіріп отырады. Перспектива заңдарын оқыту мен оны бейнелеуді үйрету әдістемесін анықтауға арналған эксперимент сабақтарында көрсетілген жүйенің ұтымды жақтары анықталады. Атап айтқанда: оқушылар кеңістіктегі заттарды қағаз бетіне дұрыс орналастыру, кеңістіктегі заттардың өлшемдерінің алыс және жақын болуына байланысты өзгеру және түстердің қашықтыққа байланысты құбылысын дұрыс қабылдауға үйренеді. Кеңістіктегі формаларды бейнелеу дағдыларын меңгереді. Өнер шығармаларындағы кеңістіктің бейнеленуіне талдау жасаудың негіздерін үйренеді.

Перспективаның білім негіздерін үйрену мен оны бейнелеу ережелерін меңгеру нәтижесінде оқушылардың кеңістік туралы ойлау қабілеті дамиды. Оқушылардың кеңістік туралы ойлау қабілетінің дамуы жалпы білім беретін мектептердегі басқа да пәндердің білім негіздерін меңгеруге игі ықпал ететіндігінен көрінеді.

3.2. Кескіндеме заңдылықтары

Түстер.

Түстер жайлы ғылымның суретшіге берері көп. Түрлі түсті ерекшелігін жақсы білу үшін оны кескіндемеде, сәндік өнерде пайдаланып, суреттер салу қажет. Түстер мен түрлі түсті реңктердің пайда болуы ежелгі Грецияның оқымысты ғалымы Аристотель зерделеп, түсінуге әрекет еткен. Жарық жоқ жерде біз ешқандай түсті көре алмаймыз.

Күн сәулесінде түстердің барлық толқынының құрамы бар. Ақ түстер көп қырлы шыны призма арқылы өтіп, құрамды бөліктерге жіктеледі, бұл «спектр» деп аталады.

Спектр түстері белгілі жүйелілікпен орналасады.

Бұл түстерді шеңбер ішінде орналастырып шықса, қызыл түспен күлгін түстер бір-біріне жымыңдасып қабысады. Бұл түстік шеңбер болып табысады.

Натураға қарап бояулармен жұмыс жасағанда бұйым түсін мұқият бақылап алған жөн. Салынған суретте түс реңктерін барынша беруге, әсіресе олардың бір-бірімен жарасымдылығына назар аудару қажет. Бұлай жасау салынған бейнеге үндестік пен айқындылық беріледі.

Сәндік сурет салуда бояулардың бір-бірімен сәйкес келуін таңдай отырып табиғатқа, ондағы қосымша түстер мен реңктерге жүгінген жөн.

Акварель бояуымен жұмыс жасағанда ақ түсті бояу мүлдем пайдаланылмайды. Ақ бояуды өзіне жағылған бояудың арасында ағарып көрінетін ақ қағаз ауыстырылады, ал қажеттік түстік өңді бояуларды алдын ала палитра бетіне араластыру арқылы да, оларды қағазға бірінің үстіне бірін жағу арқылы алуға болады. Мейлінше ақшыл көрінетін әсер туғызу үшін, мысалы, ең жарық нүктелерде қағаздың тиісті жері мүлде боялмайды немесе аздап қана боялады. Мұндайда шығарманың колориттік шешімін табуға көмектесетін бейне бір бояу ретінде ақ қағаздың өзі пайдаланылатынын есте ұстаған жөн.

Майлы бояумен суреттерге түс берудің ерекшелігі – жартылай дымқыл, жартылай кепкен бояу үстіне жаңа бояу жағу арқылы жұмысты одан әрі жалғастыра беруге болады, яғни кенеп бетіне жағылған бояуларды жаңа түскен күйінде, дымқыл кезінде өзгертуге немесе суретті бірнеше күнге қалдырып, оны кептіріп алып, қатайған бояу үстімен жалғастыруға болады.

Суретті боямалау жасағанда бояуларды сұйылту үшін майдың, лак пен скипидардың қоспасы алынады, олардың ара қатынасы тәжірбиеге қарай белгіленеді. Боямалауға бояудың әсіресе көлеңкедегі бояулардың күрделі қоспаларын жасамаңдар – түс салыстырмалы түрде алғанда шамалас болуы мүмкін. Жалпы ақ түсті бояуды есептемегенде, үш бояудан артық араластырмаған жөн. Барлық кезде жарықтануы бойынша көлеңкені көлеңкелермен, жартылай өңді жартылай өңдермен, ашық өңді ашық өңдермен салыстырып отырған абзал. Боямалар кепкен кезде, оны тағыда маймен сүртеді де, суретті бірден жазуға кіріседі.

Фон.

Фон дегеніміз – үстіне бір нәрсенің суреті салынған негізгі түс, астар.

Тарихи немесе тұрмыстық тақырыпта бейнеленген картинадағы әрекет күнделікті қала көшелерінде, не үй ішінде немесе табиғат аясында көрсетіледі. Демек, бұның бәрі – белгілі бір фон.

Суретші фонды шығармадағы кейіпкерлер анық көрсетілетіндей етіп көрсетеді. Сонымен қатар фон картинаның немесе суреттің көңіл-күйімен сәйкес келуі керек.

Көбінесе суретшілер бір қалыпты фонды пайдаланылады. Ақ түсті фонды сары түске айналдыру үшін қағаздың бетін ылғалдап алып, ортасына сары бояумен қыл қалам арқылы ортадағы сары дақ білінбей жойылғанша айналдыра отырып қағаздың шетіне қарай жүргізіледі, әлсін-әлсін сумен араластырып отырады. Ең сыртқы қабаты ақ күйінше қалдырылады. Фонның түсі ең шет жақтан ортадағы сары нүктеге қоюлана түскен сияқты көрінеді.

Егер ауа райы ашық кезде күнді бақыласақ, ол ақ дөңгелек шар сяқты біраз уақыт өткеннен соң сарылау реңкке енеді, кешке қарай сары түс қызыл сары түске айналып, енді біршама уақыттан соң қызыл түске айналады.

Сары-қызыл, қызыл-көк, көк-сары, қызғылт-күлгін, күлгін-жасыл, жасыл-қызғылт түстер бір-бірімен қарама –қарсы түстер болып саналады, ал сары-күлгін, қызыл-жасыл, қызғылт-көк түстер бір-бірімен жарасымдылық табады.

Сары түспен тәжірбие жасағанда бұйымдар да, фонда сары боядың бір түсті гаммасын береді, ал енді осы тәжірбиені көк түспен жасап көрсек, мұндағы түс реңктері қарапайым, қатаң, тұйықтықты білдіретін еді. Ал сары түсті бояу ашық-жарқындықты, қуанышты сезімді оятады.

Шағылысу (рефлекс)

Сурет салу өнерінде заттардың бір-бірімен шағылысуы үлкен рөл атқарады. Шағылысу көріністерін байқау үшін айлы түңгі далада немесе бақ ішіндегі заттардан, құрылыс ғимараттары, ағаш, өсімдіктердің айдың жарығы арқылы түскен көлеңкелерді бақыласақ, олар күндізгі күн сәулесінен түскен көлеңкенмен салыстырғанда өткірлеу көрінеді.

Ақ түсті затты ақ түсті фонға орналастырып көргенде одан түскен көлеңке болар - болмас әлсіз болып көрінеді. Ал осы ақ түсті затты қара түсті фонға қойып қарағанда көлеңке қоюлана түседі. Бірінші жағдайда, ақ түсті затқа фон өзінің түсімен әсер етіп, оның өзіндік көлеңкесін азайтады. Бұл құбылыс «шағылысу» деп аталады.

Ашық ауада ең күшті шағылысуды аспан аясы бере алады. Жазықтық бетінен түскен жарық қаншалықты күшті болса, суреттегі шағылысу соншалықты ашық болады.

Күннің табиғи сәулесіне қарағанда жасанды жарық күші әлдеқайда төмен. Сондықтанда ай сәулесінің жарығы мен жасанды жарық көздерінен түскен сәуледен жазықтық шағылысулар көрінбейді деседе болғандай.

Шырақ немесе электр шамы жарықтандырушы объектіден жақын жерден тұрғандықтан олардан шыққан сәулелер жарық нүктесіне тіке шашырап түседі.

Шағылысудың өзі көлеңкелер категориясына жатынын ұмытпаған жөн, олар әрқашан жарық түскен жазықтық бетіндегі жартылай көлеңкеден құралау болады. Егерде бұйымның айналасында қара түсті заттар тұрса, онда шағылысу онша білінбейді.

Кеңістік туралы ұғымға арналған сабақ үлгісі:

Сабақ №1.

Сабақтың тақырыбы: Құмыра, табақ және қасықтың суретін салу.

Сабақтың мақсаты: Заттардың суретін салу барысында кеңістік ұғымдарын қалыптастыру. Кеңістікті бейнелеу әдістерін үйрету. «Прапорция» «перспектива», «Форма», туралы түсініктер беру.

Білімділік: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін сурет салу әдістері арқылы дамыту.

Дамытушылық: Әдістерді пайдалану арқылы сурет салуға деген қызығушылықтарын, дүниетанымын, эстетикалық талғамын кеңейту.

Тәрбиелік: Сурет салу дағдысын, логикалық ойлау, еске түсіру, елестету қабілеттерін және шығармашылығын арттыру.

Сабақтың көрнектілігі: Нәрсе ретінде қоюға арналған құмыра қ ұмыра, табақ және қасық. Кеңістік ұғымын түсіндіруге арналған таблицалар. Олар мынадай тақырыптарға арнап жасалынады

- 1) прапорция, 2) перспектива, 3) штрихтау әдістері, 4) форманы шығару мен тональдық қатынастар, 5) бейнелеудің бірізділігі.

Сабақта қолданылатын әдістер: баяндау, сұрақ жауап, көрнекті мысал, оқушыларға жеке көрсету және тақтаға жеке бөлшектерді салып көрсету.

Сабақтың барысы: Сабақты ұйымдастырғаннан кейін, көрнекті құралдарды тақтаға іліп, жаңа сабақты түсіндіруге көшеміз.

Жаңа сабақ:

- Балалар, біз қандай затты қағаз бетіне бейнелесек те оның кеңістікте орналасу сипатына көңіл бөлуіміз керек. Себебі бейнелейтін заттардың бәріде кеңістікте тұрады. Сондықтан заттың тек суретін салып қою жеткіліксіз. Бір затты дұрыс бейнелеумен қатар ол заттын кеңістіктегі көрінісін дұрыс көрсетсек қана суретіміз ойдағыдай шығады.

- Затты кеңістікте көрсету үшін, штрихтау мен нәрседегі жарық көлеңкенің қатынастарына үнемі назар аударып отыру қажет.

Кеңістікте орналасқан қандай заттың болсын белгілі формасы болады. Мысалы, үйдің көрінісі – үш бұрыш пен төрт бұрыштың жиынтығына, құмыра – қиыс конус пен шардың жиынтығына ұқсайды. Осыған байланысты суретте

кеңістікті көрсету үшін бейнелейтін заттың формаларына мән беріп отыру қажет.

Қағаз бетінде кеңістікті көрсету үшін зат формасының перспективалық қысқартуын дұрыс бейнелеуді меңгерген жөн. Жол бойындағы бағаналар бізден алыстаған сайын біртіндеп кішірейе береді. Өлшемдердің алыстаған сайын кішірейіп көріну құбылысы - перспектива деп аталады.

Сондықтанда бейнелеу барысында өлшемдердің перспективалық қысқаруына назар аудара отыру керек. Табиғаттағы өлшемдер қатынастары әр түрлі. Мысалы: өлшемдері бірдей заттардың алыста тұрғандары жақындағысына қарағанда кіші болып көрінеді.

Түстердің, жарық пен көлеңкенің белгілі жазықтық бетіндегі деңгейлерін ажыратып тани білу – кеңістікті бейнелеу барысындағы өте маңызды әрекеттердің бірі. Заттың бетіне түскен жарық арқылы заттың көлемін байқаймыз. Мысалы, қараңғы бөлменің ішінде тұрған кісі онда қандай зат бар екенің көре алмайды. Ал егер терезеден сәл ғана түсірсек, бөлмедегі заттар көріне бастайды. Заттардың көлемі айқындай түседі. Себебі: жарық түсіп тұрған бөлмедегі заттың бетіндегі көлеңке, жартылай көлеңке, сол заттың өзінің астындағы нәрсеге түсіп тұрған көлеңкесі болады. Сондықтанда заттың бетіне түскен осындай бірнеше көлеңкелердің негізінде кеңістіктегі белгілі форманы біз көру арқылы сезіледі.

Заттың кеңістіктегі формасын бейнелеу үшін штрихтаудың маңызы ерекше. Қандай зат болса да белгілі жазықтардың жиынтығынан құралады. Мысалы, столдың беті тегіс жазықтық болса, алманың, шелектің, құмыраның, табақтың беттері дөңес жазықтардан құралады. Зат бейнесін шығару үшін осы жазықтарды штрихтаудың ерекшеліктері бар. Егер екі жазықтық бір бағытта штрихтасақ, суреттегі кеңістік дұрыс көрінбейді. Сондықтан жазықтар түзу сызықтармен, дөңес жазықтарды доғал сызықтармен штрихталады. Егер екі бірдей жазықтық қатар орналасса, бұл жазықтар түзу сызықтармен екі түрлі бағытта штрихталады. Кеңістікті бейнелеу орындау техникасымен байланысты. Күрделі формалар үлкенді – кішілі бірнеше бөліктерден тұрады. Бұл зат бізден алыс тұрса, ұсақ бөлшектері анық көрінеді. Заттың кеңістіктегі осындай қалпын көптеген оқушылар штрихтармен дұрыс көрсете алмайды. Дөңес жазықтықтарды бетіне түсу ерекшеліктерін түсінбеу, жазықтық шекарасын контур сызық пен қою сияқты қателіктер жіберіледі.

Сарамандық жұмыс: 1. Қағазға орналастыру заңдылықтары түсіндіріледі.

2. Қағазда суреттің үйлесімділік шартын жоғалтпау.

3. Қойылған заттарды салу симметрия сызығын сызудан басталады.

4. Заттардың жазықтағы бейнесін дұрыс құрай білу, құрылысын жіктеу, кейбір бөлшектеріне дейін анықтау.

5. Тепе-теңдікті сақтай отырып, зат көлемін толық бейнелеу.

6. Әр заттың түсіне сәйкестендіріп жарық көлеңкесін ажыратып бояймыз.

Қорытынды: Жаңа сабақты қорытындылау нәтижесінде оқушылар сабақтан алған әсерлерімен бөлісіп, сұрақтарға жауап береді.

Оқушыны бағалау: «Бағдаршам» әдісі арқылы оқушылар өздеріне баға береді. Мұғалім оқушылардың сабақта жіберген кемшіліктерін көрсете отырып, кері байланыс орнататады, білімін бағалайды.

Үй тапсырмасы: «Құмырадағы гүл» композициясын салып келу.

Натюрморт салу жолдары

Сабақ №2.

Сабақтың тақырыбы: «Натюрморт салу жолдары»

Сабақтың мақсаты: Оқушыларды натюрморттың мазмұны мен композициясымен таныстыру; Түстерді тандай білуге, заттың пішіні мен түстердің үйлесімділігін сезінуге, жазықтықта дұрыс орналастыра білуге үйрету.

Дамыту мақсаты: Көркемдік талғамын қалыптастыру.

Тәрбиелік мақсаты: Оқушыларды қоршаған ортаны бейнелеуге, көре білуге, табиғат заңдылықтарын үйренуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі:

1. Деңгейлеп оқыту
2. Түсіндіру
3. Сұрақ жауап
4. Сөздік жұмыс

Пәнаралық байланыс:

Әдебиет, тарих, психология, геометрия т.б.

Көрнекіліктері:

Плакаттар, иллюстрациялар, оқулық, натюрмортқа арналған заттар.

Құрал жабдықтар:

Мольберт, гуашь, акварель, акварель, ақ қағаз, қарандаш, өшіргіш, қыл қалам, палитра.

Жаңа сабақ:

Натюрморт-француз сөзі дәл мағынасы «өлі табиғат» Натюрморт алғаш рет 17ғ басында Голландияда пайда болды.

Натюрморт бейнелеу өнерінің дербес жанры ретінде батыста кеңінен дамыды. Әр ғасырда бейнелеу өнері шеберлері Натюрморт салуда өз қолтаңба қалдырған. Атап айтқанда: Шарден, Сезан, Сарьян, Матисс, Машков, Коровин. Ал Қазақстан суретшілерінен: Ғалымбаева, Г.Ысмайлова, Н.Нұржыбаевтардың еңбектері өте шеберлікпен орындалған. Натюрморт жанрын бейнелеу өнерінің әліппесі деп атауға болады. Өйткені Натюрморт салуда оқушы табиғат заңдылықтарын пайдалана отыра көру, есте сақтау, жарық пен көлеңке заңдылықтарын және композиция арқылы затқа қарап сурет салуды үйренеді. Натюрморт әдейі қашып салынған заттар

жиынтығына емес ол өткен өмірді, әр заманның тұрмыс-салтын мәдениетін тарихын қоршаған ортаны айтып көрсету.

Натюрморт құрудың өзі үлкен творчестволық талғам. Себебі суретші сол құрылған «Натюрморт» арқылы өзінің ойын, шеберлігін, өнерін көрсетеді.

«Натюрморт» салу мынандай жолдардан құралады.

1.Ең алдымен бейнелейтін денелерді конструкциялық, геометриялық құрылысына назар аудара отырып, биіктігі енін салыстыра отырып қағаз бетіне дұрыс сыйғызу.

2.Денелердің пропорциясын конструкциялық тұрғыда дұрыс салу.

3.Түс ерекшеліктерін анықтау.

4.Жарық пен көлеңкені анықтау. Жұмысты аяқтау.

Енді натюрмортты қағаз бетіне түсіру.

1.Компоновка бейнелейтін затты қағаз формасына дәл сыйғызу. Салатын заттар өте үлкен не болмаса өте кіші емес дәл мөлшерде құру.

2.Негізгі жарық пен көлеңкені белгілеп суреттің пропорциясына көңіл аудару.

3.Политраны пайдалана отырып ең алдымен кең аумақты біркелкі ашық түстерден бастап салыстырмалы түрде бояуға көшеміз. Бояға көшкен кезде гуаштың техникасын еске аламыз, гуашпен қою қылып жазамыз.

4.Натюрмортты түс ерекшеліктеріне қарай салыстырмалы түрде алып жүреміз.

Сарамандық жұмыс: Натюрмортты орындауда мынандай кемшіліктерді жібермеуге көңіл қою:

1.Белгілі бір тәсілден екінші тәсілге көшуге үйрену.

2.Алдыңғы заттан гөрі артқы заттың әлсіз көрінуі.

3.Кейбір салған түстердің айқын болуы.

4.Түс шешімінің табылмауы.

5.Айналадағы түстердің бір-біріне шағылысуы.

Осы ережелерді ескере отырып жұмысымызды жасап, аяқтауға болады.

Сабақтың бекіту: Балалар, бүгін біз жарық пен көлеңке заңдылығын меңгердік деп ойлаймыз. Ал, ендеше жұмыстарымыздың қорытындысын шығарайық. Оқушылардың жұмыстарын қатар қойып, өз пікірлерін тыңдату.

Сабақты бағалау: Оқушылар бүгінгі сабақта алған білімдерін қолдануға тырысты және әрқайсысы өздерінің орындалған жұмыстарын түсіндіреді. «Бағдаршам» әдісі бойынша оқушылар өз жұмысын бағалайды.



Қызыл – мен ештеңе түсінбедім

Сары – маған әлі де түсініксіздеу

Жасыл – маған бәрі түсінікті

Үйге тапсырма: Күнделікті табиғат көріністерінен перспектива заңдылығы байқала ма , соны анықтап келу.

Перспектива заңдылығы

Сабақ №3.

Сабақтың тақырыбы: «Перспектива заңдылығы»

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға бейнелеу өнерінің негізгі заңдылықтарының бірі – перспектива заңдылығының ережелерімен таныстыру.

Білімділік: Перспектива заңдылықтары арқылы қоршаған ортаны, табиғатты танып білуі;

Дамытушылық: Білімдерін кеңейту, дүниетанымды қалыптастыру, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, эмоциялық сезімдерін, танымдық күштерін, ой-өрісін, қиялын, оқуға, өнерге қызығушылықтарын дамыту; эстетикалық талғамдары мен қажеттіліктеріне қарай бейнелеу іс- әрекетіне машықтандыру;

Тәрбиелік: Туған ел табиғаты, оның сұлулығы мен көркемдігін бағалауға тәрбиелеу.

Пән аралық байланыс:

тарих, әдебиет, сызу

Сабақтың әдісі

Сұрақ- жауап, жаңа тақырыпты талдау

Жаңа сабақ:

Перспектива – бір шаршы кенепте немесе қағаздың бетіне кеңістікті қалай бейнелеу туралы ілім. Перспектива латынның «perspicere» – «тасадағыны көре білу» деген сөзінен шыққан. Перспективаның заңдары өте көп, соның ең басты екеуін суретшілер қалайда білуге тиісті.

1. Зат бізден неғұрлым алыс тұрса , ол соғұрлым кішкентай болып көрінеді.
2. Параллель сызықтар бізден алыстаған сайын арасы жақындап, көкжиекте бір нүктеге тоғысып тынады.

Перспектива заңдылығын алғаш ашқандардың бірі – Қайта өрлеу дәуіріндегі атақты итальян сәулетшісі және суретшісі Брунемески. Сызықтық перспектива ауа перспективасы. Сызықтық перспективаның заңдылықтары Белгілі бір бұрышпен көкжиек сызығына қарай бағытталған параллель сызықтар бір нүктеге барып қосылады.Параллель сызықтардың косу нүктесі әр уақытта көкжиек сызығында жатады. Көкжиек сызығына жуықтаған сайын параллель сызықтардың ара қашықтығы бір-біріне жақындай түседі. Көрушіден алыстаған сайын тіке сызықтардың ара қашықтық өлшемдері кішірейе түседі. Мысалы телеграф бағаналарының көкжиек сызығынан төмен орналасқан сызықтары төменнен жоғары қарай бағытталса, көкжиек

сызығынан жоғары орналасқан сызықтар жоғарыдан төмен қарай бағытталады, бәрі көкжиек сызығында түйіседі. Жарық пен көлеңке перспективасының заңдылықтары Жарық көзінен қашықтықта тұрған заттардың бетіндегі жарық деңгейі, жарық көзіне алыс тұрған заттардың бетіндегі жарыққа қарағанда солғындау болады. Жарық көзі мен бақылаушы арасындағы заттар басқа заттарға қарағанда өз түсінен қараңғы болып көрінеді.

Практикалық жұмыс: Перспектива заңдылықтарын пайдалана отырып пейзаж көрінісін бейнелеу.

Сабақтың бекіту: Балалар, бүгін біз перспектива заңдылығын меңгердік деп ойлаймыз, сабаққа белсенді атсалысқан, суретті сауатты салған оқушыларға жақсы бағалар қойып шығамыз.

Сабақты бағалау: Мұғалім оқушылардың бүгінгі тақырыпты қалай меңгергені туралы және үй тапсырмасын орындаудағы кемшіліктерін айта отырып, әр түрлі көңіл-күйді білдіретін смайликтер арқылы бағалайды.

Үйге тапсырма: Күнделікті табиғат көріністерінен перспектива заңдылығы байқала ма, соны анықтап келу.

Графика тәсілімен «Жайлау» тақырыбында сурет салу

Сабақ №4.

Сабақтың тақырыбы: «Графика тәсілімен «Жайлау» тақырыбында сурет салу»

Сабақтың мақсаты: Графика түрлері мен таныстыра отырып, оқушыларды графика жанрына баулу.

Білімділік: Сауатты сурет салу, графика өнері туралы мағлұматтар беру

Дамытушылық: Назар аудару, байқағыштық, есте сақтау қабілетін дамыту

Тәрбиелік: Қоршаған ортаны шындық пен өнерге эстетикалық қарым-қатынсын қалыптастыру.

Пән аралық байланыс: Сызу, дүниетану, ән

Сабақтың әдісі: Сұрақ- жауап, жаңа тақырыпты талдау

Жаңа сабақ: Графика гректің «жазамын», «суретін саламын» деген сөзінен шыққан. Графика суреті орындалу тәсіліне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Линогравюра – ақ және қара бояудан тұрады, бейне линолеумге салынады. Литография арнаулы әк тасқа салынады. Гравюра – ағашқа ойып салынады. Компьютерлік графикада бар. Графика бұл ақ және қара таңба. Графикада қолданылатын құралдар: тушь, сангина, көмір, карандаш, бор.

Графика тәсілімен сурет салу үшін «Жайлау» тақырыбымызға көшейік. Жыл он екі ай — көктем, жаз, күз, қыс болып төрт маусымға бөлінеді. Көшпелі халық осы жыл мезгілдеріне қарай қонысын: көктеу, жайлау, күзеу, қыстау деп атаған. Жайлау — қыстаудан алыс жатқан даладағы қоныс. Ата-бабамыз

ертеде жаз жайлауда, қыс қыстаққа көшіп отырған. Жайлауды шөбі шүйгін, суы әрі мол, әрі тұнық, салқын ауалы. жусаны мен қырмызы, қызғалдағы, сағап ұшқан қарлығашы бізді өзіне баурап алады. Жайлауда атамыз бен апамыз, сонымен қатар біздерді нелер қарсы алады? төрт түлік деп нелерді айтамыз. Әрине, сиыр, жылқы, қой, түйені айтамыз. . Төрт түлік туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер? Төрт түлікке арналған өлеңдер білеміз? Ал, оқушылар бәріміз бірге «Қошақаным» әнін орындайық.

Оқушылар бейнелеу өнерінде сурет салу төрт кезеңнен тұрады.

1.Қағаз бетіне дұрыс орналастыру (компоновка) 2.Тепе теңдік

3.Жарық пен көлеңке

4.Аяқталған жұмыс

Сарамандық жұмыс: Енді, балалар сабақты жақсы түсініп болсақ, сурет салуға көшейік. Күйтабақта А.Енсеповтың күйлері орындалады, оқушылар сазды әуен ырғағымен Жайлау көрінісін графика әдісімен орындайды, қолданылатын құралымыз: жай карандаш пен альбомдық парақтар. Сурет салу барысында оқушылардың әрбір сызығы, әр қимылын жіті қадағалап отырамын, өйткені, сурет салудың бастапқы кезеңінде қателіктер жіберуге болмайды. Сабақта оқушыларға «тест» сұрақтары да беріледі.

Қорытындылау: Сабақты қорытындылауда оқушылар өздерінің суреттері жайлы әңгімелеп береді, әрине бұл оқушының өз ойын сонымен қатар тіл байлықтарын дамыту мақсатында жүзеге асады.

Сабақты бағалау: Оқушылардың жұмыстарын қатар қойып, өз пікірлерін тыңдау. Жұмыстарындағы қателіктері мен ұтымды тұстарын атап көрсету.

«Жапондық бағалау әдісі» арқылы оқушылар өзін-өзі бағалайды.



Үй тапсырмасы: Графика әдісімен «Үй құстарын» бейнелеу.

Қорытынды

Әдістеме деп біз белгілі бір мақсатқа немесе нәтижеге жету үшін істелетін іс-әрекет барысындағы әдіс-тәсілдердің жүйелілігін, бірлігін білдіретін ұғымды айтамыз. Іс-әрекетті жүйелі әдістемелік бірлікте жүргізе отырып, жұмыстың әдістерін жүйелі бірізділікпен пайдалан отырып орындағанда ғана мақсатқа қол жеткізуге болады. Ал суретші белгілі бір бейнені немесе көріністі бейнелеу үшін алдымен оған суретші көзімен қарап, зерттеп, күрделілігін анықтап, содан соң бейнені жазықтық бетіне композициялық шешімін тауып орналастырады. Содан соң бейнедегі жекелеген заттардың көлемін, пропорциялық сәйкестігін нақты көрсетіп бейнелейді және соңында өзі бейнелеген жұмысқа қайта қарап, ондағы бейнелердің көркемдік үйлесімділігін, бірлігін тексереді. Бейнелеу өнері сабағында оқушы бойында эстетикалық сезім - талғамын дамыту арқылы шығармашылық жұмыстарға үйретудің басты міндеті – бейнелеудегі табиғат көрінісінің немесе нәрсе құрылысының заңдылықтарын, оларды жазықтық бетінде орналастырудың заңдылықтарын жете түсіндіру, сурет салу барысында ойлану дағдысын қалыптастыру.

Авторлық жобада көрсетілген мәліметтер, теориялық және практикалық ұстанымдардың мазмұны балалар шығармашылығын көтеруге үлкен маңызын тигізді. Осы бағытта жұмыс жасай отырып, оқушылар көптеген жетістіктерге **«Туған жерім»** атты сурет фестивалінде I дәрежелі диплом, құнды сыйлықтармен марапатталды және **«Астана жасыл қала»**, **«Нашақорлыққа жол жоқ»** байқаулардында жүлделі орын алды. Қырғыз мемлекетінде өткен **«Это Славый Ден Победы!»**, Ресей мемлекетінде өткен **«Бегущая по волнам»** атты халықаралық байқауларда және көптеген байқаулардан жүлделі орындарға ие болды. Бейнелеу өнерін меңгеру оқушының қызығушылығын оятып қана қоймай, сонымен қатар дүниетанымын кеңейтеді, қоршаған ортаны танып білуіне ықпал жасайды, іздемпаздыққа, әсемділікке баулиды.

Педагогтің сабақта қолданылатын әдістемесі, көрнекіліктері, әлеуметтік желідегі сабақ үлгілері туралы ақпарат

Мектеп атауы: Астана қаласы әкімдігінің «№ 2 өнер мектебі» ШЖҚ МКК

Педагог: Шарипов Р.Т.

Пәні: Көркемсурет

№	Сабақтың тақырыбы	Сыныбы	Бейнесабақтарға сілтеме
1.	1. Композиция. Губкамен пейзаж салу. 2. Композиция. Пейзаж. 3. Қол өнер. Қағаздан қоян жасау. 4. Сурет. Этюд. Пейзаж. 5. Қол өнер. Қағаздан мысық жасау. 6. Қол өнер. Қағаздан мысық жасау 7. СУРЕТ. Үш заттан тұратын натюрморт 8. СУРЕТ. Үш заттан тұратын натюрморт, 9. Композиция. Табиғатты бейнелеу,	1-тоқсан. 2-сынып. 3-сабақ. 1-тоқсан. 2-сынып. 2-сабақ. 3 - сабақ. 1-тоқсан. 2-сынып. 1-сабақ. 1-сабақ. 2-сабақ. 1 сынып, №1 сабақ. 1 сынып, №2 сабақ. 1 сынып	1. https://youtu.be/YSVz17FVcsU 2. https://youtu.be/VcpuGV5A9ic 3. https://youtu.be/dnurq5G1agk 4. https://youtu.be/2kJ4WDOuUGk 5. https://youtu.be/8E0A8bQIYOs 6. https://youtu.be/21iVDM5eYNw 7. https://youtu.be/VcpuGV5A9ic 8. https://youtu.be/a-cxbd6egvE 9. https://youtu.be/8E0A8bQIYOs
Сабақтың әдістемесі, көрнекі құралдары			
	Білім беру ресурстары	Пайдалы интернет-ресурстар	Білім беру сайттары
2.	1. www.bilimland.kz 2. www.itest.kz 3. www.imektep.kz 4. www.kitap.kz 5. www.twig-bilim.kz 	1. www.Google.com 2. www.Gmail.com 3. www.Youtube.com 4. Drive.google.com 5. www.wikipedia.org 6. www.khanacademy.org 7. www.ted.com 8. www.facebook.com	1. www.edu.gov.kz Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі; 2. nao.kz Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы; 3. www.oreleu-edu.kz «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы; 4. pedagog.kz Қазақстанның мұғалімдерінің желілік қауымдастығы; 5. sabak.ucoz.org Қазақстанның шығармашылық мұғалімдерінің сайты; 6. bilimdiler.kz Мұғалімдерге арналған ақпарат алмасу порталы 7. bilimland.kz BilimLand.kz мұғалімдерге, оқушыларға және ата-аналарға арналған көптілді білім беру порталы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Қастеев. «Өнер», Атамұра., Алматы, 2004 ж.
2. Ғылыми әдістемелік журнал, «Бейнелеу өнері және сызу», 2008, №5
3. У.Ш.Ибрагимов. «Бейнелеу өнері», Алматы, «Атамұра», 1999 ж.
4. З.Айдарова. «Бейнелеу өнері», Алматы, «Атамұра», 2002 ж.
5. В.С.Кузин, Ә.И.Кубышкина. «Изобразительное искусство»
6. В.Визер «Живописная грамота» Основы искусства изображения.
Питер 2006 г.
7. Қазақ мәдениеті, Алматы, «Аруана», 2005 ж.

«Қылқалам шеберлері» суретшілер ұжымы



